Автомобиль көлігі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес (бұдан әрі – Салалық кеңес) **отырысының**
ХАТТАМАСЫ

Астана қ. 23 қазан 2026 жыл

Төрағалық етті: «Қазақстан Республикасының Автокөлікшілер одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің бас директоры, Салалық кеңестің төрағасы С.Ш. Аманбаев

Қатысқандар: Салалық кеңес мүшелері, шақырылған қатысушылар

Күн тәртібі:

1. Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығынан «Қазақстанның автомобиль өнеркәсібін кадрлық қамтамасыз ету: білім беру бағдарламаларының сала қажеттіліктеріне сәйкестігі және оларды трансформациялау бағыттары» тақырыбында таныстырылым;
2. Автомобиль көлігі саласындағы Салалық біліктілік шеңберінің жобасын және автомобиль көлігі саласындағы 4 Кәсіби стандарт жобасын бекіту үшін қарау.

Талқылау нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

1. Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының «Қазақстанның автомобиль өнеркәсібін кадрлық қамтамасыз ету: білім беру бағдарламаларының сала қажеттіліктеріне сәйкестігі және оларды трансформациялау бағыттары» ақпараты назарға алынсын;
2. Автомобиль көлігі саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін;
3. Төмендегі кәсіптік стандарттар бекітілсін;

1) Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау;
2) Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау;
3) Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау;
4) Автокөлік құралдарын диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

4. Көлік министрлігі «Еңбек ресурстары орталығы» АҚ-мен бірлесіп, СБШ және КС қабылдау жөніндегі одан әрі жұмысты пысықтасын;
5. Салалық кеңестің хатшысы осы хаттамаға қол қоюды және Салалық кеңес мүшелеріне таратуды қамтамасыз етсін.

Салалық кеңестің төрағасы **С. Аманбаев**

Салалық кеңестің хатшысы **М. Гылымбекова**